

Басқару панелі

Қолжетімді қызметтер принтеріңіздің баптауына байланысты өзгеруі мүмкін. Қызметтер мен параметрлер жөнінде толық мәлімет алу үшін, *User Guide* (Пайдаланушы нұсқаулығы) құжатын қараңыз.



Сенсорлы экран

1 Мәзірлер



8 Әріптік-сандық пернетақта

7 Тапсырманы басқару элементтері

1 Services Home (Қызметтердің басты беті)

көшіру, сканерлеу және факс сияқты негізгі қызметтерді көрсетеді.

Services (Қызметтер) Job Status (Тапсырма күйі) немесе **Machine Status** (Құрылғы күйі) экрандарындағы белсенді қызметке не болмаса алдын ала орнатылған қызметке оралады.

Job Status (Тапсырма күйі) белсенді, уақытша сақталған және аяқталған тапсырмаларды көрсетеді.

Machine Status (Құрылғы күйі) параметрлерді және ақпаратты көрсетеді.



7

Interrupt Print (Басып шығаруды үзу)



Clear All (Барлығын тазалау)
Stop (Тоқтату)
Start (Бастау)

Clear All (Барлығын тазалау) ағымдағы қызмет үшін алдыңғы және өзгертілген параметрлерді тазалайды. Барлық әдепкі мәндерді қалпына келтіріп, барлық сканеру параметрлерін тазалау үшін, екі рет басыңыз.

Start (Бастау) таңдалған тапсырманы бастайды.

Stop (Тоқтату) ағымдағы тапсырманы уақытша тоқтатады. Тапсырманы болдырмау немесе жалғастыру үшін экрандағы хабарды орындаңыз.

Interrupt Print (Басып шығаруды үзу) шұғыл тапсырманы орындау үшін, ағымдағы басып шығарылып жатқан тапсырманы кідіртеді.



2 Log In/Out (Жүйеге кіру/жүйеден шығу) құпия сөзбен қорғалған функцияларға қол жеткізеді.

3 Анықтама (?) ағымдағы таңдау немесе қызмет туралы қосымша ақпаратты көрсетеді.

4 Language (Тіл) сенсорлы экран тілі мен пернетақта параметрлерін өзгертеді.

5 Power Saver (Қуатты үнемдеу) опциясы Power Saver (Қуатты үнемдеу) режиміне өтеді немесе одан шығады.

6 Power (Қуат) принтерді қайта іске қосады немесе қуатын өшіреді.

8



Alphanumeric keys (Әріптік-сандық пернелер)

көшірме сандарын, факс нөмірлерін және басқа сандық ақпаратты енгізу үшін пайдаланылады.

C (өшіру) сандық мәндерді немесе соңғы енгізілген санды жояды.


Machine Status (Құрылғы күйі)

Machine Status (Құрылғы күйі) мәзірі шығын күйі, принтер ақпараты және параметрлерге кіру рұқсатымен қамтамасыз етеді. Кейбір мәзірлер мен параметрлер әкімші аты немесе құпия сөз арқылы жүйеге кіруді қажет етеді.



Есеп және пайдалану туралы ақпарат




Негізгі басып шығару есептері үшін Machine Status (Құрылғы күйі) мәзірінде **Billing Information (Есеп ақпараты)** қойындысын түртіңіз. Толық қолдану есептері үшін **Usage Counters (Пайдалану есептегіштері)** түймешігін түртіңіз. Ашылмалы мәзір қосымша есеп санаттарымен қамтамасыз етеді.



Принтер туралы жалпы ақпарат

Қосымша аксессуарлар принтер қондырғысының бір бөлігі болуы мүмкін. Толық мәліметтер үшін *User Guide* (Пайдаланушы нұсқаулығы) құжатын қараңыз.


Дуплексті автоматты құжатты беру құралы



Қағазды басып шығару үшін дайындау

Тартпалар және қағаз жөніндегі толық мәліметтер үшін *User Guide* (Пайдаланушы нұсқаулығы) құжатын қараңыз.


Қағазды жүктеу



Жақсы нәтижелер үшін, қағаз шеттерін желпіп ашыңыз. Қағаз өлшеміне сәйкестендіру үшін бағыттауыштарды баптаңыз. Қағазды максималды толу сызығынан артық жүктемеңіз.




Қажет болса, өлшем және түр параметрлерін растаңыз немесе өзгертіңіз.



Басып шығару кезінде басып шығару драйверіндегі опцияларды таңдаңыз.

Қағаз бағыты



Көшірме жасау

Толық мәліметтер үшін, *User Guide* (Пайдаланушы нұсқаулығы) құжатындағы *Copying* (Көшірме жасау) бөлімін қараңыз.

1




X: 139,7–215,9 мм (5,5–8,5 дюйм)
Y: 139,7–355,6 мм (5,5–14,0 дюйм)



60–125 г/м² (16–32 фунт жоғары сұрыпты қағаз)



50–125 г/м² (13–32 фунт жоғары сұрыпты қағаз)



Түпнұсқаны жүктеңіз.

2




Services Home (Қызметтердің басты беті) басып, **Сору (Көшіру)** опциясын түртіңіз.




Clear All (Барлығын тазалау) ағымдағы қызмет үшін алдыңғы және өзгертілген параметрлерді тазалайды.

3



Қажетінше параметрлер мен тапсырма мөлшерін өзгертіңіз.

4



Start (Бастау) түймешігін басыңыз.



Stop (Тоқтату) ағымдағы тапсырманы уақытша тоқтатады. Тапсырманы болдырмау немесе жалғастыру үшін экрандағы хабарды орындаңыз.



Interrupt Print (Басып шығаруды үзу) шұғыл тапсырманы орындау үшін, ағымдағы басып шығарылып жатқан тапсырманы кідіртеді.

Сканерлеу және электрондық поштамен жіберу

Принтер жалғыз компьютерге емес, әдетте желіге жалғанған, сондықтан принтердегі сканерленетін кескін тағайындамасын таңдаңыз.

Осы нұсқаулықта құжаттарды арнайы баптауларды дайындамай-ақ сканерлеу әдістері қарастырылады:

- Электрондық пошта мекенжайына құжаттарды сканерлеу.
- Құжаттарды сақталған "Таңдаулы" тізіміне, "Мекенжай кітабы" тізімдемесіне немесе USB флэш-жадына сканерлеу
- Принтердің қатты дискісіндегі Жалпы қалтаға құжаттарды сканерлеу және веб-браузер арқылы оларды қалпына келтіру.

Толық мәліметтер үшін, *User Guide* (Пайдаланушы нұсқаулығы) құжатындағы *Scanning* (Сканерлеу) бөлімін қараңыз. Мекенжай кітабы және жұмыс ағыны үлгісінің баптауы жөніндегі толық мәліметтер үшін, *System Administrator Guide* (Жүйелік әкімші нұсқаулығы) құжатын қараңыз.

1




X: 139,7–215,9 мм (5,5–8,5 дюйм)
Y: 139,7–355,6 мм (5,5–14,0 дюйм)



60–125 г/м2 (16–32 фунт
жоғары сұрыпты қағаз)




50–125 г/м2 (13–32 фунт
жоғары сұрыпты қағаз)



Түпнұсқаны жүктеңіз.

2



Services Home (Қызметтердің басты беті) түймешігін басыңыз, содан кейін сканерлеуді электрондық пошта арқылы жіберу үшін **Email (Электрондық пошта)** түймешігін немесе **Workflow Scanning (Жұмыс ағынын сканерлеу)** түймешігін Әдепкі жалпыға ортақ қалтаға не USB флэш-жадына сканерлеу үшін түртіңіз. Сканерлеу орны Мекенжай кітабында сақталса немесе Таңдаулы ретінде сақталса, **Келесіге сканерлеу** түймешігін түртіңіз.




Clear All (Барлығын тазалау)
ағымдағы қызмет үшін
алдыңғы және өзгертілген
параметрлерді тазалайды.




Email (Электрондық пошта) үшін, **Enter Recipient (Алушыны енгізу)** түймешігін түртіңіз, содан кейін сенсорлы экран пернетақтасы арқылы электрондық пошта мекенжайын енгізіңіз де, **Add (Қосу)** түймешігін түртіңіз. Тізімге қосымша электрондық пошта мекенжайларын қосу үшін, **Add Recipient (Алушыны қосу)** түймешігін түртіңіз.

Сақталған электрондық пошта мекенжайларын енгізу үшін, Device Address Book (Құрылғының мекенжай кітабы) немесе Favorites (Таңдаулылар) параметрлерін пайдаланыңыз.


Workflow Scanning (Жұмыс ағынын сканерлеу) үшін, **Change (Өзгерту)** түймешігін түртіңіз, **Default Public Mailbox (Әдепкі жалпы пошта жәшігі)** опциясын таңдаңыз немесе USB флэш-жадын енгізіңіз.



Scan To (Келесіге жіберу) үшін, сақталған бөлісуге арналған жерлерді енгізу мақсатында **Favorites (Таңдаулылар)** немесе **Device Address Book (Құрылғының мекенжайлар кітабы)** түймешігін түртіңіз.



Қажетінше параметрлерді өзгертіңіз.




Start (Бастау) түймешігін басыңыз.



Stop (Тоқтату) ағымдағы тапсырманы уақытша тоқтатады.

Сканерлеу файлдарын қалпына келтіру


Сканерленген кескіндерді Default Public Folder (Әдепкі жалпыға ортақ қалта) ішінен қайтару үшін, сканерлеу файлдарын принтерден компьютерге көшіру мақсатында CentreWare интернет қызметтерін пайдаланыңыз. Сонымен қатар CentreWare интернет қызметтерін жеке электрондық пошта жәшіктерін және жұмыс ағынын сканерлеу үлгілерін орнату үшін пайдалануға болады. Толық мәліметтер үшін *Пайдаланушы нұсқаулығын* қараңыз.



Сенсорлы экрандағы принтердің IP мекенжайына назар аударыңыз.




Егер сенсорлы экранның жоғарғы сол жақ бұрышында IP мекенжай көрсетілмесе, **Machine Status (Құрылғы күйі)** түймешігін басыңыз және ақпарат өрісін тексеріңіз.



Веб-браузерде принтердің IP мекенжайын енгізіңіз, содан кейін **Enter (Енгізу)** немесе **Return (Оралу)** түймешігін басыңыз.

Scan (Сканерлеу) қойындысын басыңыз.



Default Public Folder (Әдепкі жалпы қалта) таңдаңыз, содан кейін сканерленген құжатты жүктеу үшін, **Go (Өту)** түймешігін басыңыз.

Тізімді жаңарту үшін, **Update View (Көріністі жаңарту)** түймешігін басыңыз.

Файлды компьютерге сақтау үшін, **Download (Жүктеу)** опциясын таңдаңыз.

Сақталған файлды қайта басып шығару үшін, **Reprint (Қайта басып шығару)** опциясын таңдаңыз.

Сақталған тапсырманы жою үшін, **Delete (Жою)** опциясын таңдаңыз.

Факс жіберу

Төрт әдістің бірі бойынша факс жіберуге болады:

- **Embedded Fax (Кірістірілген факс)** құжаттарды сканерлейді және оны тікелей факс құрылғысына жібереді.
- **Server Fax (Серверлік факс)** құжаттарды сканерлейді және оны құжатты факс құрылғысына тасымалдайтын серверлік факске жібереді.
- **Internet Fax (Интернеттік факс)** құжаттарды сканерлейді және оның алушысына электрондық пошталар арқылы жібереді.
- **LAN Fax (Жергілікті желілік факс)** ағымдағы басып шығару тапсырмасын факс ретінде жібереді.

Толық мәліметтер үшін, *User Guide* (Пайдаланушы нұсқаулығы) құжатындағы *Faxing* (Факс жіберу) бөлімін қараңыз. LAN Fax (Жергілікті желілік факс) жөніндегі толық мәліметтер үшін, принтер драйверінің жабдығын қараңыз. Факс баптауы және кеңейтілген параметрлер жөніндегі толық мәліметтер үшін, *System Administrator Guide* (Жүйелік әкімші нұсқаулығы) құжатын қараңыз.

1




X: 139,7–215,9 мм (5,5–8,5 дюйм)
Y: 139,7–355,6 мм (5,5–14,0 дюйм)



60–125 г/м2 (16–32 фунт
жоғары сұрыпты қағаз)



50–125 г/м2 (13–32 фунт
жоғары сұрыпты қағаз)



Түпнұсқаны жүктеңіз.


2



Services Home (Қызметтердің басты беті) басыңыз, содан кейін **Fax (Факс)**, **Server Fax (Серверлік факс)** немесе **Internet Fax (Интернеттік факс)** түртіңіз.




Clear All (Барлығын тазалау)
ағымдағы қызмет үшін алдыңғы және өзгертілген параметрлерді тазалайды.

3


Факс нөмірлері үшін, **Enter Recipient (Алушыны енгізу)** түймешігін түртіңіз, содан кейін сенсорлы экранның әріптік-сандық пернелері арқылы факс нөмірін енгізіңіз де, **Add (Қосу)** түймешігін түртіңіз. Тізімге қосымша факс нөмірлерін қосу үшін, **Add Recipient (Алушыны қосу)** түймешігін түртіңіз.

Internet Fax (Интернеттік факс) электрондық пошта мекенжайлары үшін, **Enter Recipient (Алушыны енгізу)** түймешігін түртіңіз, содан кейін сенсорлы экран пернетақтасы арқылы электрондық пошта мекенжайын енгізіңіз де, **Add (Қосу)** түймешігін түртіңіз. Тізімге қосымша электрондық пошта мекенжайларын қосу үшін **Add Recipient (Алушыны қосу)** түймешігін түртіңіз.

Сақталған нөмірлерді енгізу үшін Құрылғының мекенжай кітабы, Таңдаулылар немесе Пошта жәшіктерін пайдаланыңыз немесе сақталған электрондық пошта мекенжайларын енгізу үшін, Құрылғының мекенжай кітабын пайдаланыңыз. Сақталған факс орындарына қол жеткізу үшін Polling (Сауалнама) қызметін пайдаланыңыз.

4

Қажетінше параметрлерді өзгертіңіз.

5

Start (Бастау) түймешігін басыңыз.




Stop (Тоқтату) ағымдағы тапсырманы уақытша тоқтатады.

USB құрылғысынан басып шығару

USB флэш-жадысынан тікелей pdf, .tiff, .ps және .xps файлдарын басып шығаруға болады. Қосымша ақпарат үшін *Software and Documentation* (Бағдарламалық жасақтама және құжаттама) дискісіндегі немесе онлайн қолжетімді *User Guide* (Пайдаланушы нұсқаулығы) құжатындағы *Printing* (Басып шығару) бөлімін қараңыз. Осы функцияны орнату үшін, *System Administrator Guide* (Жүйелік әкімші нұсқаулығы) құжатын қараңыз.

1



Құжатты оқу кезінде USB флэш-жадын алмаңыз. Файлдар зақымдалуы мүмкін.


USB флэш-жадын USB портына енгізіңіз.

2




Services Home (Қызметтердің басты беті) басып, **Print From (Басып шығару көзі)** түймешігін түртіңіз.


3



Print From USB (USB құрылғысынан басып шығару) түймешігін түртіңіз, содан кейін файлды немесе қалтаны таңдаңыз.



Қажетінше параметрлерді өзгертіңіз.



Басып шығару санын қажетінше өзгертіңіз, содан кейін **OK** түймешігін түртіңіз.



Start (Бастау) түймешігін басыңыз.



Stop (Тоқтату) ағымдағы тапсырманы уақытша тоқтатады. Тапсырманы болдырмау немесе жалғастыру үшін экрандағы хабарды орындаңыз.



Interrupt Print (Басып шығаруды үзу) шұғыл көшіру тапсырмасын орындау үшін ағымдағы басып шығарылып жатқан тапсырманы кідіртеді.